

ҮЙЛЕСТІ ҰСЫНЫСТЫ ҚОЛДАЙЫҚ!



қан «Павлодарское Прииртышье» атты энциклопедияда Олжабай батырдың туған жылы «1709» деп жазылған. Әрине, бұл жыл шамамен алынған деуге болады. Қолда бар тарихи деректерді саралап көргенде оның 1700-1710 жыл аралығында өмірге келгені дау туғызбайды. Бұлай дегенде мен оны 1707 жылы туды деген ешқандай қарсылық білдірмеймін. Осындай мәселені қозғасак: 1993 жылы 1685 жылы туған Бұқар Жырауды 1668 жылы дүниеге келді деп оның туғанына 325 жыл толуына арнап республика көлемінде Қарағанды облысының жерінде мың-жарымнан аса киіз үй құрып, екі күн дүбірлетіп үлкен той өткіздік емес пе. Айта берсе сөз көп, біздер тіпті осы күнге дейін 1946 жылы қайтыс болған атақты жерлесіміз Естай Беркімбайұлының да туған жылын анық білмегендіктен ол жыл әр басылымда әр түрлі

Жерінің көлемі жөнінде бүкіл дүние жүзіндегі мемлекеттердің ішінде 9-шы орын алатын, ал жер астындағы қазба байлықтарының мөлшері бойынша планетамыздағы барлық қазба байлықтардың 6 пайызын құрайтын Қазақстан Республикасының егесі саналатын қазақ халқы тәуелсіздік алғаннан бері қарай ондағы дарабоз батырларының туған жылдарын салтанатты түрде мерекелеп, олардың есімдерін ұлықтап, аруақтарына бағыштап ас берілгенін барша жұрт білсе керек. Рас, өлі разы болмай, тірі байымайды дейтін мың өліп, мың тірілгендей болған қазақтың өз жерінің үсті де,

жыл болып жазылып жүр ғой (атап айтқанда төрт түрлі).

Енді Олжабай батырдың туғанына 300 жыл толуына әзірлену және 2007 жылы өтетін мерекелі тойға байланысты маған мынадай ой келді. 2007 жылғы Олжабай батырға арналған мерекелік шаралар мен Бәсентінің руының Сырым бұтағынан шыққан Токтауылұлы Малайсары батырдың туғанына 305 жыл және Өмірұлы Жасыбай батырдың туғанына 285 жыл толу мерекелерін бірге өткізсек. Яғни үш батырымыздың туған жылдарына арналған тойлар бір күнде атқарылады. Осылайша үш батырдың тойларын бір күнде бір жерде өткізудің, меніңше, басты

айтады (қараңыз: қазақ халқының қаһармандары (1-ші жинақ). «Дауа» шығармашылық бірлестігі. Павлодар қаласы, 1991 жыл, 61-ші бет). Мұндағы «артымда қалған жетімдерге қарт Бөгембай көз салсын» дегеннен оның Қанжығалы мен Бәсентінің бір-біріне немере болып келетінін мезегенін аңғаруға болады. Сөз реті келгенде Малайсары батырға байланысты қазіргі әр түрлі басылымдарда жазылып жүрген кейбір жаңсақ деректерді де айта кетейік. Атап айтқанда, кейінгі басылып шыққан ұлттық энциклопедияның 6-шы томында: «Қазіргі Павлодар облысының Май ауданындағы Малайсарының туған жеріне ... Малайсары есімі берілген», - деп жазылыпты (қараңыз: Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы, 2004 жыл, 6-шы том, 336-шы бет). Шындығында, Малайсары Қазақстанның оңтүстік өңірінде, Сыр бойында өмірге келген. Осы тұста сөзіміз дәлелдірек болуы үшін мынадай бір мысалды келтіре кетелік. Бүгінде Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы өткен жылдары дау-дамай туғызған Бағыс атты ауыл бар. Міне, осы жерде Малайсары батырдың інісі туып, сондықтан, бәлкім, оған «Бағыс» деп есім берген болар. Бәсентінің ұрпақтары қазіргі Май ауданының жеріне «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған қиын уақыттан кейін шамамен 1729-1730 жылдары қоныс тепкені тарихтан мәлім. Ал ардагер ұстаз Қайрат Әбен «Сарыарқа самалы» газетінің 2006 жылғы 5-ші тамыздағы №90 санында басылған «Ел қорғаны Олжабай батыр» деген мақаласында Малайсары батырдың Баянаула бөктерінде оққа ұшып мерт болғанын жазады. Расында, Малайсары 1756 жылы қазақ-қалмақ соғысында Жоңғар Алатауының батыс сілеміндегі шығыстан батысқа қарай 100 шақырымға созылып жатқан, ені батысында 10 шақырымнан, шығысында 30 шақырымға ұлғайатын, ең биік жері 1446 метр таулы өңірде қаза болады. Содан бері осы таулы жотаны жергілікті халық Малайсары есімімен атап келеді. Бұл таулы жота географиялық қар-

Малайсары мен Бағыстың тікелей ұрпақтары қазірде Май ауданы мен Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларында тұрады. Ал Павлодар қаласында «Сарыарқа самалы» газетінің бетінде жиі-жиі мақалалары мен өлеңдері шығып тұратын, өткен ғасырдың 90-шы жылдары марқұм болған Жасыбай батырдың бел ұрпағы Қайыркен Нұркин тұрды. Қазірде оның артында Олжас есімді ұлы қалды. Жалған дүние-ай демекші, осы баланың әкесімен 1981 жылы Екібастұз қаласында Жасыбай батыр туралы бір күн әңгімелескен едім. Енді Олжасқа Жасыбайдың жетінші ұрпағына бақытты ұзақ өмір берсін деп ақ тілегімді білдіремін.

Жоғарыда аталған энциклопедияның 336-шы бетінде Малайсары батырдың анасының есімі «Мөлдір» деп бұрмаланып жазылған. Шынында, бұл есім қалмақ тілінде «Молдыр» боп аталады. Ал «Молдыр» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы «мөлдір» екені арнайы зерттеуді керек етеді. Өкінішке орай, Май ауданындағы Малайсарының анасының есімімен ертеден «Молдыр» деп аталатын жер бүгінгі күні «Малдар» (орысша: скоты) деп аталып та, жазылып жүр.

Ұзын сөздің қысқасы, егер 2007 жылы Малайсары мен Жасыбай батырлардың тойларын Олжабай батырдың тойымен бірге қосып өткізбесек, онда, менің пайымдауша, шамамен жазылған жылға сілттеп, «Малайсарының 300 жылдығы өтіп кетті, ал Жасыбай батырдың туған жылы белгісіз» дейміз де екі батырымыз тағы да ұмыт болып қала береді. Олжабай батырдың туғанына 300 жыл толуына арналған мерекенің қолда бар деректе оның 1709 жылы белгіленуіне, ащы болса да ашығын айтайық, академик Әлкей Марғұланның 2004 жылы өткен 100

дей болған қазақтың өз жерінің үсті де, асты да бай ұлан-байтақ Ұлы мекенін сыртқы жаулардан ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қорғап қалып бүгінгі ұрпақтарына беріп кеткен атақты батырларын әрқашан ұмытпай еске алып, оларды ерекше дәріптеуін ежелден қаншағызға сіңген қасиетті ұлттық әдет екенін жастарымыздың санасына үнемі құйып отырған жөн.

Халқымыздың тәуелсіздік алғаннан бері аз ғана уақыт ішінде соншама көп батырларымыздың туған жылдарына арнап жер-жерде, тіпті бүкіл республика көлемінде дүркіретіп бірнеше тойлар өткізгенімізге қарағанда жер-жиындағы бар халықтардың арасында ең батыр көп қазақ халқы шығар деп те ойлайсың. Дегенмен, батырларымыздың ішінде есімдері үлкен құрметпен әр түрлі басылымдарда аталып жүрсе де, олардың туған жылдарына арналып мерекелі той өткізілмеген әлі де біраз батырларымыз бар сияқты. Солардың арасында он сан Орта жүзге ұран болған Толыбайұлы Олжабай батырдың 300 жылдық туған жылына арналған мерейлі мерекесі 2007 жылы өтетіні жөнінде бүгінде ресми түрде хабарланып, соған байланысты дайындық шаралары басталып та кетті. Мен созіміздің осы тұсында Олжабай батырдың туған жылы туралы оқырмандарға қысқаша мағлұмат бере кетсем деймін.

2003 жылы орыс тілінде басылып шық-

бір күнде бір жерде өткізудің, меніңше, басты себептері: Бір жағынан, осы батырларымыздың үшеуі де Арғын тайпасына жататын жерлестеріміз; екінші жағынан, Бәсентінің руының Бәсен бұтағынан шыққан Жасыбай батыр - Олжабай батырдың туған жиені. Солай болғанда Малайсары батыр - Олжабай батырдың мыңжылдық құдасы.

Мұнан соң біраз сөз Малайсары мен Жасыбайдың туған жылдары туралы. Қазірде қолда бар тарихи мәліметтерде Малайсары «шамамен 1700 жылы туған» деп жазылып жүр. Сонда оны «1702 жылы өмірге келді» десек, оған кім қарсы болады? Меніңше, бұған ешкім де қарсы болмас. Ал Жасыбай батырдың туған жылы әзірге белгісіз. Әр түрлі энциклопедияларда, тарихи кітаптар мен мақалаларда оның тек XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүргендігі ғана айтылады. Жасыбай Олжабай батырдың апасынан шын туған болса, онда оның дүниеге келген жылын былайша шамалап есептеп шығаруға болады. Олжабай батырдың апасы бауырынан екі жас үлкен делік, сонда ол 1705 (1705+17) жылы дүниеге келген болып шығады. Осы жерде Жасыбай батырдың Олжабай және Малайсарымен туыстығы, сонымен бірге Жасыбайдың Бөгембай батырға ағайындығы жөнінде мына бір деректі де қаперге алуға болады. Облысымызға танымал шежіреші Жәніс Марданұлының айтуынша Жасыбай батыр қалмақтың Құба мергені оғынан Баянаула тауында жараланып, хал үстінде жатқанда жанындағы сарбаздарына: «Ердің құнын Олжабай жоқтасын, басыма Малайсары белгі орнатсын, артыма қалған жетімдерге қарт Бөгембай көз салсын», - деп өсиет

атап келеді. Бұл таулы жота географиялық карталарда да «Малайсары» деп жазылады. Аталмыш тауда Малайсары батырдың қаза болуы тұрарсында жазушы-драматург Әлжапар Әбішев былай деп жазады: «Малайсарының қалың қолына төтеп бере алмай Арқалан бері шегіне қалша ұрыс салып келе жатқан жоңғарлар Малайсарыны жоймай өздеріне күн жоғын сезеді де, аңдып жатып ату үшін кілең мергендерін жол тосуға тастайды. Малайсарының Әлтеке дейтін жауырынышы бар екен, Әлденеден секем алған бабамыз сол жауырынышына: «жау мұнша неден састы, саспаса мұнша неге қашты? Бір сұмдығы бар болар, жауырынына қарашы» депті. Әлтеке жауырына қарап жіберіп: «Атыр-ай, батыр-ай, сақтаныңызшы. Жер астында жатқандай, бұтып жатып атқандай, жаудың жансыз алқым жерге келіп қалды ғой» депті. «Жыланның қыбырлағаны да көрінетін мынандай жазық далала маған қарсы келгендей ерлік қайдан келіпті?» деп басын көтере берген кезде жау мергені атып жіберіпті. Қанды шайқасқа қанша кірсе де денесіне бірде-бір оқ дарымаған Малайсарының қаны ең алғаш осылай, осынау қонырқай таудың қырқасында төгілген екен. Батыр бабамыздың қаны тамған сол тау содан бері Малайсары аталыпты». Бұл таудан басқа Алматы облысы бұрынғы Гвардейск ауданы Сарыбастау ауылдың округіне қарайтын жерде «Малайсары ауылы» бар.

Малайсарының әкесі Токтауыл да батыр болыпты. Оның Қайдауыл, Малайсары, Бағыс (жоғарыда сөз болған), Қарнак, Көбес есімді бес ұлы болған, осылардың ішінен менің білетінім:

Марғұланның 2004 жылы өткен 100 жылдық тойы мен заманымыздың ұлы ақаны, ойшыл-гуманист Олжас Сүлейменовтың биылғы 70 жылдық мерей тойында олардың Олжабай батырдың тікелей ұрпақтары екендігі баса-баса айтылуы елеулі себеп болғанға ұқсайды. Жасыратыны жоқ, Малайсары мен Жасыбай батырларымыздың да тойлары өтетін уақыт жетті деп қаттыр-ақ айтатын олардың мүдделі атақты ұрпақтары болмауынан, меніңше, бұл мәселені тез арада көтерілуі ықтимал. Сөз жоқ, осы екі батырға арналған той 2007 жылы өтсін деп асығуымыз керек, өйткені Құран кәрімнің Әнбия сүресінің 37-шы аятында айтылғандай «адам асугуға жаратылған».

Айтылған сөздің тоқетер түйіні, осы мақалада көтерілген ұсыныс пікір жүзеге асырылса, біздер «бір жеп биге шығамыз», ал ел басқарып отырған азаматтар қалың жұрттың алғысына не болары анық. Сосын мұндай ағайынды - құлдалы үш батырдың біріккен тойының өтуі қазақ халқының өмірінде бұрынды-сонды болмаған жаңалық құбылыс екенін де еске алайық, халайық!

Серік Жақсыбаев,
Екібастұз қаласының Құрметті
азаматы, инновациялық
Евразия университетінің
профессоры

